

**Қазақ тілі оқытушысының 2024 – 2025 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы : **ЖШС"Little Baby"** балабақшасы

Топ: **«Қыран»** ортаңғы топ

Балалардың жасы: **3-4 жас.**

Жоспардың құрылу кезеңі: **қыркүйек айы, 2024-2025 оқу жылы.**

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Қазақ тілі	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қазақ тілінде айтылған сөздерді мұқият тыңдауға, сондай-ақ осы сөздерді дұрыс айтуға және еске сақтауды үйрету. Артикуляциялық аппаратты дамыту. Сөздік қор: 1) туыстық атауларды білдіретін сөздерді (әке, ана, ата, әже, апа және тағы басқа) дұрыс айту және мағынасын түсіну дағдыларын қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы: 1) сөздерді және әртүрлі сөз таптарынан құралған тіркестерді түсінуді үйрету (зат есімдер мен сын есімдер, зат есімдер мен етістіктер); 2) қарапайым сөйлемдерді құруды үйрену; 3) қарапайым сұрақтарға жауап беруді үйрету (Бұл кім? Бұл не?).